

А. О. Шакенов, криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҰЛТ ЖОСПАРЫ АЯСЫНДА ІІМ АРНАЙЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Ішкі істер органдарының жұмысында ғылыми зерттеулер мен заманауи жетістіктерді талдауға негізделген қылмыспен күресте маңызды тапсырмаларды шешудің әдіс-тәсілдері мен нысандары елеулі орын алады. Кадрларды дайындау ісін жетілдіруде білім беру қажеттілігінің өсуі және олардың негізінде кәсіби мүдделерді қалыптастыру қазіргі кезде жиі байқалуда. Қоғамның барлық салаларындағы ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс жетістіктері шын мәнінде заман талабына сай оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен нысандарын талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары екендігін атап өтіп, орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгертуді басып айтты. Даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру мәселесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамында аталып өткен.

Жоғары білімге деген қарқынды қажеттілікті қоғам мен жеке тұлға мүддесіне мейлінше бағыттап, оларды кәсіби шеберлік пен дағдыларға ұштастыру жоғары оқу орнының басты міндеті болып табылады. Жоғары дәрежелі мамандарды дайындау саласында жетістіктермен қатар әлі де кемшіліктер байқалуда, оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- жоғары оқу орнына түсер кезінде жұмсалған күш-жігер мен білім ордасына түскеннен кейін оқуға жұмсалатын энергия арасындағы айырмашылық;
- кейбір білім алушыларда толыққанды білім алып, оны келешек қызметінде қолдануға деген тұрақты қызығушылықтың жоқтығы;
- кейбір білім алушылардың білімге деген немқұрайлық, пәндерді меңгеруде әлісіздік танытуы.

Осы кереғарлықтарды жоюдың бірден-бір жолы ретінде білім берудегі қажеттілікті кәсіби мүддеге бейімдеу механизімін жетік пайдалануды атап өтуге болады.

Білім алушыларда қызығушылықты қалыптастыру үшін қоғамның объективтік заңдылықтарын үстемелі идеологияға сәйкес дамыта білетін жоғары оқу орнының алатын орны ерекше. Педагогикалық тәжірибеге сүйенетін болсақ, білім алушылардың оқуға деген көзқарасына қарай жоғары оқу орны, ондағы оқытушылар, оқу-тәрбиелік үрдіс және оны басқару әдістері туралы ой-пікір қалыптастыруға болады. Осылайша, білім алушылардың білімге деген құштарлығын дағдыландырып, оларды кәсіби шеберлікке ұштастыру мақсатында академияның профессорлік-оқытушылық құрамы әртүрлі әдістер мен нысандар қолданады. Ең бастысы білімді меңгеруде ойшылдық нысан кеңінен пайдаланылып, білім алушыларды ғылыми-зерттеулік қызметке баулу қажет. Сол себептен оқытушылар алдымен қызығушылық сипатын анықтап, оларды ары қарай дамытып, дұрыс бағытқа қояды. Оқу үдерісін жігерлендірудің маңызды құралы ретінде оқуға деген тікелей қызығушылықты тәрбиелеу жүреді. Бұл жерде «Білім — инемен құдық қазғандай» деген ұғымды түйсікке қондыра отырып, оқудың келешек ІІО кәсіби қызметінде, сондай-ақ күнделікті рухани өмірде қажет екендігін білім алушыларға түсіндірген жөн.

Жалпы теориялық білімдерді кәсіби шеберлікке айналдыру бейімдік пәндер кафедраларының оқытушыларына жүктелген. Білімдерді кәсіби мүдделерге ұштастыру осы оқытушылардың ғылыми беделіне, педагогикалық шеберлігіне және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Арнайы пәндер кафедрасының оқытушысы ол, өзіне теория мен

тәжірибені біріктірген, білікті әдіскер, психолог, шебер тәрбиеші және әртүрлі оқытуға қажет техникалық құралдарды пайдалана білетін жоғары дәрежелі педагог.

Білім алушылардың кәсіби бейімделуінде оқытушылардың шеберлігі ерекше орын алады, яғни олар жинақтаған тәжірибелерін жеке іс-қимылдары арқылы білім алушыларға көрсетіп, теориялық білімді нақты практикалық дағдыларға бейімдей біледі. Осылайша, бойына ғалымдық және тәлімгерлік қасиеттерді жинақтаған оқытушылар келешек мамандарға өздерінің оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Білім алушыларды оқуға ынталандыру мақсатында академиядағы бейімдік пәндер кафедраларының ішкі істер органдарымен жүйелі байланысы озық тәжірибені жинақтау негізінде қалыптасқан. Мұндай үдеріс арнайы пәндер оқытушыларына басқаларға қарағанда білім алушыларға қажет кәсіби білімдерді ескере отырып, ПО алғы шептегі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Ведомстволық жоғары оқу орнындағы білім беру жедел-іздістіру қызметкерлерінің, тергеушінің, сарапшының, маман-криминалистің нақты келешек жұмысына ғана бағытталмай, сонымен қатар негіздемелі теорияны меңгеріп-ұғынудың қажеттілігін сезінуге бағытталғаны дұрыс болар. Біздің ойымызша, жоғары оқу орнының түлегі тәжірибеге барса да, өзінің ісіне қатысты оқуын тастамай, жаңа жағдайда өз біліктілігін арттырып, яғни үздіксіз білім алуға бейім болу керек деп есептейміз.

Білім алушыларды оқытудың практикалық бейінін күшейту, мамандарды әзірлеу және оқыту сапасын арттыру біздің ойымызша, былайша байқалу керек:

– ішкі істер органдарының практикалық қызметіне оқу үдерісін мейлінше жақындатата отырып мамандарды әзірлеу сапасын арттыру бойынша шаралар кешенін орындауды қамтамасыз ету, яғни:

– ведомстволық жоғары оқу орнындағы сағаттардың базалық бөлігін, яғни жалпы сағаттар бюджетінің 2/3 бөлігін практикалық қызметкерлерге қажет қолданбалы білімдер жиынтығын қамтамасыз етуші пәндерді ескере отырып тарату керек;

– жалпы заңгерлік пәндерді оқыту теориялық таныстырушы курсымен шектелсе, оларға жұмсалатын уақыт қысқарады;

– практикалық қызмет басымдықтарын ескере отырып білім алушылардың практикалық шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында арнайы пәндер бойынша оқытудың тәжірибелік бейінін күшейту.

– құқық қорғау органының қызметкерлерін жаңа жағдайдағы жұмысқа үйрету және инновациялық технологияларды қолдана отырып оқытудың тәжірибелік бейінін күшейту мақсатында арнайы пәндер кафедраларындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мүмкіндігі қарастырылу керек.

Сонымен бірге кәсіби білімдерді меңгеруге қызығушылықты өрбітудің маңызды құралы ретінде ПО озық тәжірибесін зерделеп, жинақтап және арнайы пәндерді оқытуға осы мәліметтерді пайдалану жүреді. Қазақстан Республикасының ПМ, оның ішінде жедел-криминалистикалық Департаменті қызметіндегі бастамашылық үрдістер мазмұнды, творчестволық нысанда көзге түсіп, ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалануға негізделі келешек мамандықтың беделін арттыруда алатын рөлі зор. Ұлт жоспары аясында ПМ арнайы жоғары оқу орындарының профессорлік-оқытушылық құрамы да кадрларды дайындау деңгейін көтеруге ерекше назар аударып, оқу үрдісін біріздендірудің жаңа нысандарын қолданып келеді. Осылайша, білімге деген құштарлықты және кәсіби қызығушылықты тәрбиелеу — түлектермен терең кәсіби білім алуға дұрыс көзқарасты қалыптастыруды мақсат еткен.